



# Сарқан

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

e-mail: Igiman01@mail.ru

№ 22 (9220) 26 мамыр 2017 ж.

## Рухани жаңғыру

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында бәсекелестік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы сияқты қағидаттар басшылыққа алына отырып, таяу жылдарда атқарылатын нақты міндеттер айқындалды.

Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру аясында Қазақстан Республикасы Президенті жанында Ұлттық комиссия, облыстық өңірлік комиссия құрылып, жұмыс атқаруда. Осыған орай аудан әкімі Ерғазы Қошанбековтың төрағалығымен өткен жиында тиісті іс – шаралар жоспары бекітіліп, құрамы 60 адамнан тұратын аймақтық комиссияның жұмыс топтары алты бағыт бойынша жұмыс атқаруды межеледі.

Алғашқы сөз кезегін алған аудан әкімінің орынбасары Ғалымжан Маманбаев жиналғандарды жаңғыру бағытындағы ауданда атқарылып жатқан жұмыстармен және алдағы жоспарлармен таныстырды.

Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі аймақтық комиссияның төрағасы – аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков, төрағаның екі орынбасары – аудан әкімі аппаратының басшысы Бауыржан Абибеков және аудан әкімінің орынбасары Ғалымжан Маманбаев. Комиссия құрамына аудандық қоғамдық кеңес, аудандық мәслихат, «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі, аудандық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының жетекшілері, қоғамдық ұйымдардың төрағалары, қала, ауыл әкімдері, бұқаралық ақпарат құралының басшысы кірді. Бұл комиссия 6 бағытта жұмыс жасайды. Әр бағыт бойынша жұмыс тобы құрылған.

Бірінші бағыт - қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшуі. Топ құрамындағылар: аудандық аналар кеңесінің төрайымы Гүлшарбан Калиева, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жалел Құдияров. Екінші

## Аймақтық комиссия жұмысын бастады



бағыт - «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Топ құрамында: Алматы орта мектебінің директоры Жамал Құлахметова, аудандық білім бөлімінің басшысы Панар Иманғазиева. Үшінші бағыт - «Туған жер» жобасы. Бұл топ құрамында аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Жанат Мұқашев, «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мұрат Түсіпов. Төртінші бағыт - «Қазақстанның сакралды географиясы» жобасы. Топ құрамында «Ұлағат» қоғамдық қорының жетекшісі Заман Төлеуов, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Ибраева Тоған. Бесінші бағыт - «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы. Топ құрамында қалалық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Баймаман Тлеубаев, аудандық мәдениет үйінің директоры Ықылас Құттыбеков. Алтыншы бағыт - «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы. Топ құрамында аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков және «Сарқан» газетінің директоры Жомарт Игіман.

Ғалымжан Қанатұлы өз сөзінде «Туған жер» бағдарламасының жүзеге асуы жолындағы алғышарттарды атап өтіп, атқарылған жұмыстарды және алдағы міндеттерді сарапта салды.

Жиын барысында рухани азық беретін мақалада айтылған мәселелердің іске асуына «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының қосар

үлесі Алматы орта мектебінің директоры Жамал Құлахметованың сөзіне арқау болды. «Туған жер» жобасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Жанат Мұқашев бұл бағыттағы бұған дейінгі атқарылған ізгі істердің жалғасын табарына сенім білдірсе, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын жүзеге асыру жөнінде «Сарқан» газетінің бас редакторы Жомарт Игіман ой-пікірін ортаға салды.

Сөз соңында аудан әкімі Ерғазы Қошанбекулы туған өлкеге деген сүйіспеншілікті арттыратын, Сарқан аймағын дамытуда маңызды рөл атқаратын ортақ іске қала, ауыл әкімдерін, мекеме-ұжым басшыларын белсене атсалысуға шақырды. Туған өлкені дамытуға үлес қосқандар арасынан аудан меценаты, аудан инвесторы айқындалып, оларды мемлекеттік марапатқа ұсыну, ауданның Құрметті азаматы атағын беру, оларға елді мекен және көше атауларын ауыстыруға ұсыныс білдіруге мүмкіндік беру сынды ынталандыру шаралары жүзеге асырылатын болады. Жуық арада осы мақсатта Сарқан түлектерінің слетін өткізу жоспарлануда. Бұл бағыттағы міндеттер тұрғындар арасында кеңінен насихатталып, бағдарламалық мақалада атап көрсетілген басты бағыттар бойынша берілген тапсырмалардың тиянақты іске асатындығына комиссия төрағасы сенім білдірді.

П.ЖЕҢІСХАН.



## Шарасыз болашаққа. Бірге

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының 5-ші және Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам Ұлт жоспарының 13 қадамын орындау мақсатында «Парасыз болашаққа. Бірге!» ұранымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильдік топ құрылған.

Мобильдік топтың негізгі мақсаты: облыс тұрғындарына мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімділігін арттыру және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру болып табылады.

Жуырда осыған орай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің бастамасымен сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне мүлдем төзбеушілікті және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Парасыз болашаққа. Бірге!» атты мобильді топ ауданға келді. Екіаша ауылдық округіндегі «Жоңғар Алатау Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі» РММ аудандық филиалы, ауылдық дәрігерлік амбулатория, орта мектепте жұмыс сапарын бастаған топ мүшелері аудандық пошта байланыс торабы, «Қазақтелеком», «Сарқанжылу» МКК, Халыққа қызмет көрсету орталығы ұжымдарымен кездесті. Кездесулерде осы сапардың мақсат-мүддесімен облыстық мобильді топ мүшесі Дәулет Тертюбаев, аудандық топ мүшелері Жомарт Игіман, Мұрат Түсіпов, Қадыл Жанасбеков таныстырды. «Парасыз болашаққа. Бірге» мобильді топ ауданның елді мекендерінде және мекеме-ұйымдарында осы күнге дейін 135 қабылдау өткізіп, кеңес берді.

Сонымен қатар таңертеңнен кешке дейін жалғасқан шара барысында жиналған жұртшылыққа сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің сенім телефондары көрсетілген флаерлар таратылды.

Өз тілшіміз.

## Аудан тұрғындарының назарына!

«Нұр Отан» партиясы Сарқан аудандық филиалы «Ең үздік бастауыш партия ұйымы» байқауын өткізуді жоспарлауда. Мақсат – Елбасы саясатын үздік насихаттаушы бастауыш партия ұйымдарын анықтап, олардың жұмыс тәжірибесімен танысып, нәтижелі жұмысты өзге ұйымдарға үлгі ету. Белсенді, қоғамдық-саяси көзқарасы айқын, отаншыл азаматтарды еліміздің өркендеуіне тарту, мәселелерді дәйекті және жүйелі түрде шеше алатын кәсіби деңгейі жоғары әрі ең белсенді бастауыш партия ұйымдарының беделін көтеру.

Байқаудың ережесіне орай, 1 санат бойынша 1-100-ге дейін партия мүшелері бар, 2 санат бойынша 100-500-ге дейін партия мүшелері бар, 3 санат бойынша 500-ден астам партия мүшелері бар бастауыш партия ұйымдары қатыса алады.

РАМАЗАН айының күні	АСТА КҮНДЕРІ	ЖАУЛЫҚ ОРАН АЛҒАН КҮНІ	ТІЛДІ СІРАУ	КҮНІН ШАҒУТЫ	БЕСІМ	СӘБИТ	АУДАН ӘКІМІ	КҮТБАС
1	Сейбі	27 мамыр	3:14	5:09	12:47	18:04	20:24	22:11
2	Жексенбі	28 мамыр	3:13	5:09	12:47	18:05	20:25	22:12
3	Дүйсенбі	29 мамыр	3:12	5:09	12:47	18:05	20:26	22:14
4	Сейсенбі	30 мамыр	3:11	5:04	12:47	18:06	20:27	22:15
5	Сарсенбі	31 мамыр	3:10	5:04	12:47	18:06	20:28	22:16
6	Бейсенбі	01 маусым	3:09	5:00	12:47	18:07	20:29	22:18
7	Жұма	02 маусым	3:08	5:00	12:48	18:07	20:30	22:19
8	Сәбіт	03 маусым	3:07	4:59	12:48	18:08	20:31	22:20
9	Жексенбі	04 маусым	3:06	4:59	12:48	18:08	20:31	22:21
10	Дүйсенбі	05 маусым	3:05	4:58	12:48	18:09	20:32	22:23
11	Сейсенбі	06 маусым	3:04	4:58	12:48	18:09	20:33	22:24
12	Сарсенбі	07 маусым	3:04	4:57	12:48	18:10	20:34	22:25
13	Бейсенбі	08 маусым	3:03	4:57	12:49	18:10	20:34	22:26
14	Жұма	09 маусым	3:01	4:57	12:49	18:11	20:35	22:27
15	Сәбіт	10 маусым	3:01	4:57	12:49	18:11	20:36	22:28
16	Жексенбі	11 маусым	3:01	4:56	12:49	18:11	20:36	22:29
17	Дүйсенбі	12 маусым	3:01	4:56	12:49	18:12	20:37	22:29
18	Сейсенбі	13 маусым	3:01	4:56	12:50	18:12	20:37	22:30
19	Сарсенбі	14 маусым	3:00	4:56	12:50	18:12	20:38	22:31
20	Бейсенбі	15 маусым	3:00	4:56	12:50	18:13	20:38	22:32
21	Жұма	16 маусым	3:00	4:56	12:50	18:13	20:38	22:33
22	Сәбіт	17 маусым	3:00	4:56	12:50	18:13	20:39	22:33
23	Жексенбі	18 маусым	2:59	4:56	12:51	18:14	20:39	22:33
24	Дүйсенбі	19 маусым	2:59	4:56	12:51	18:14	20:39	22:33
25	Сейсенбі	20 маусым	2:59	4:57	12:51	18:14	20:40	22:34
26	Сарсенбі	21 маусым	2:58	4:57	12:51	18:14	20:40	22:34
27	Бейсенбі	22 маусым	2:58	4:57	12:52	18:15	20:40	22:34
28	Жұма	23 маусым	3:00	4:57	12:52	18:15	20:40	22:34
29	Сәбіт	24 маусым	3:00	4:58	12:52	18:15	20:40	22:34

## Объявление

1 июня текущего года Министр энергетики К.А. Бозумбаев проведет отчетную встречу перед населением с обеспечением видеоконференцсвязи в регионах, где подробно расскажем о деятельности Министрства даст ответы на вопросы. Отчетная встреча состоится 1 июня 2017 года в 11-00ч. по адресу: г. Астана, пр. Д. Кунаева, 4, здание «Қазмедиаорталығы», Киноконцертный зал.

В случае наличия вопросов и предложений, просим обращаться по телефонам: 8(7172) 786862, 786884, либо направить их по электронным адресам zh.baktygali@energo.gov.kz, u.akhmetova@energo.gov.kz.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЙЫ - РАМАЗАН ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Ержан қажы МАЛҒАЖЫҒЫЛЫ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти.

Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Қадірлі жамағат! Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында халқымызды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, туған жерді көркейтуге, жаңашыл ойлап, қоғам үшін игі іс жасауға, өн-

бойымыздағы рухани құндылықты жаңғыртуға үндеді. Елімізді рухани жаңғыруға бастаған мақала жұрттымызға парасатты ой, пайымды пікір тастады. Ал рамазан – рухани жаңғыруымызға септігін тигізіп, иманымызды күшейтуге мүмкіндік туғызатын қадірі мен қасиеті мол ай. Ендеше, рақым айы – рамазан құтты болсын! Ұстаған орамамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке-бірлік нәсіп етпей!

Тәуелсіздігіміз баянды, еліміз аман, жұрттымыз тыныш болғай! Жаратушы Иеміз баршамызды оразадан оразаға дейін айдан аман, жылдан есен жақсылықпен жеткізе берсін деп тілеймін! Әумин!

## Сарқан қаласы тұрғындарының назарына!

Құрметті Сарқан қаласының тұрғындары! Сарқан қаласының әкімдігі Сіздерден аула шекарасынан өтетін арық жүйесін тазалап, шөптерін шабып, ағаш бұтақтарын қырқып, қоршауларды түзетіп, қажет болған жағдайда сырлап ретке келтірулеріңізді сұрайды.

Ескерту: Аулалары жиналмаған, қоқыстары шашылып шығарылмай, арықтары тазаланбаған және шөптері шабылмай жатқан үй иелеріне Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 505-бабына сәйкес заңды және жеке тұлғаларға айыппұлдар салынады.

Сарқан қаласының әкімдігі.

## К вниманию жителей города Саркан!

Уважаемые жители города Саркан! Акимат города Саркан настоятельно просит Вас привести в порядок территорию, принадлежащую Вам на праве собственности, а также очистить арычную сеть и территорию прилегающую к Вашему дому, выкосить траву, починить и выровнять забор, при необходимости покрасить.

Примечание: Предупреждаем в случае если у собственников домовладений на принадлежащей им территории не будет прибрана, разбросан мусор, арыки будут забиты мусором и не почищены а трава не выкошена то в соответствии с правилами благоустройства и соответствии статьей 505 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» на юридических и физических лиц будут налагаться штрафы.

Акимат города Саркан.

# Ақиқат жолымен жүрген адаспайды

Жуырда ауданымызға қызмет Жбабымен келген Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Талдықорған өңірі бойынша өкіл имамы Серікхан Ахмадиевпен жүздесіп көкейде жүрген бірқатар сауалдарымызды қойып сұхбаттасудың сәті түскен еді.

-Серікхан Рымханұлы, Елбасының биыл жария етілген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы рухани жаңғыруды барлық бастамалардың көзі етіп айшықтап, өркениеттің жақсысын алып жаманынан жеріну керектігіне баса мән берді. Сондай-ақ осы іске «мемлекет пен азаматтық қоғам, білім беру, әлеуметтік сала, жеке бизнес пен масс-медиа, бәрі де тартылуы қажеттігін» атап өтті. Жалпы рухани ұғымның еске алғанда ұлттық құндылықтар мен асыл дініміз-Ислам ойға оралады. Бұған сіз не дейсіз?

-Бисмиллахи рахмани рахим. Алла тағала бүкіл әлемді өте көркем етіп жаратты. Сол көркемнің ішіндегі ең керемет жаратылыс иесі ол-адам. Адам екі түрлі бөлшектен құралады. Тән мен жаннан. Құдайға шүкір, бүгінгі таңда елімізде бүкіл тәніміздің қанағатшылдықта болатындай барлық мүмкіндік жасалған. Ішіп-жеуіміз, киінуіміз дегендей. Адам баласы тек тәннен ғана жаратылған болса биіктерді бағындыра алмайтындығы бәрімізге ақиқат. Бірақ ұлы жаратылыс иесі бізге сана-сезім беріп басқа тіршілік иелерінен бір саты жоғары қойды ғой. Ал ақыл-ой қашанда руханиятпен бірге жасасады, жаңарады, кемелдігін алады. Сондықтан Елбасы осы рухани жаңғырудың дамуымызда өзекті орын алатындығын айтып өтті. Өйткені бұл өмірде адам баласы кемел өмір сүруі үшін рухани жандүниесі бай болуы

керек. Қазіргі кезде көптеген адамдардың көзі ашық, жоғары білімді. Бірақ сөйте тұра ізгілікті істерге келген кезде оны жүзеге асыра алмай жатады. Қарапайым ғана біреуді жамандама, арам ойлама, таспен ұрғанды аспен ұр деген ұғымдарды бәріміз білеміз де оны орындауға келген кезде ойымызбен ісіміз қабыспай жататындығы бар. Міне осы жерде ой мен оның жемісі істі бірлікте жүзеге асыру үшін пенденің руханияты бай болуы керек. Ислам діні осы нәрсені адам бойында қалыптастырады. Тарихымызға үңілсек зиялыларымыздың барлығы молшылықта өмір сүруге мүмкіншіліктері бола тұра елі үшін талап қиыншылықтарға тәзіп ұлы істерді жасады. Осынау тұлғаларымыздың әрбір іс-әрекеті дінімізбен біте қайнасып жатыр. Осы жерде бізді рухани биіктететін, кемелдендіретін, жан-жақты күштің негізі-дін деуге толық негіз бар. Сондықтан дін адамдары еліміздің рухани жаңғыруына өз үлесімізді қоса білуіміз керек.

-Қазақстанды ғана емес әлемді толғандырған түйіннің бірі-терроризм. Дана халқымыз қашанда мәселенің салдарымен күрескеннен себебімен түсініскен жеңілірек дейді. Бұл бағытта сіздер тарапынан қандай жұмыстар жасалуда?

-Ғұлама ғалымдарымыз айтқандай мұсылман адам ешқашан террорист, ал террорист адам ешқашан мұсылман болмайды. Өйткені екеуі бір біріне мүлдем сәйкес келмейтін ұғымдар. Дін мейірімділік пен

қайырымдылықты, сыйластықты насихаттайды. Осыны басшылыққа алып жұмыс жасаудамыз. Аллаға шүкір бүгінгі таңда Елбасы үлкен қолдау көрсетуде. Арнайы министрлік құрылды, дін істері басқармасы бар. Ғалымдарды шақырып әр ауданды аралап тұрғындардың санасын оятып, өзіміздің дәстүрлі дінімізді түсіндіретін шаралар өткізудеміз. Мұның барлығы алдын алу шаралары. Сондай-ақ жеке түсіндіру жұмыстарын да жиі өткіземіз. Мысалы былтыр Талдықорған өңірі бойынша жат ағымда жүрген 25 адамды дәстүрлі дінімізге қайтардық. Бас бостандығынан айырылған жандармен де бұл тұрғыда түсіндіру жүргізіп 46 жан ата-бабаларымыз ұстанған дінге оралды. Өл-Азһар университетін үздік бітірген түлек, Хасеки мектебін тамамдаған мықты маман бізде жұмыс жасауда. Олар тек ағартушылық қана емес теріс ағымдардың жетегінде кеткен адамдарды оңалту жұмыстарымен де айналысады.

-Күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі-бала тәрбиесі. Қазіргідей жаһандану кезеңінде ұрпақ тәрбиесіне дін қаншалықты әсер ете алады?

-Иә, бала тәрбиесі қашанда маңызды. Адамдардың рухани мәселесі, отбасы құндылықтарын қастерлеу бүгінгі күні ерекше мәнге ие болып барады. Руханият төмендеген сайын адамда дағдарыс пайда бола бастайды. Ол дағдарыстың ең үлкені өзін аялап өсірген әке-шешесіне қарсы шығу, сыйла-

мау, құрметтемеу. Сондықтан ислам діні ең бірінші отбасы құндылықтарына қатты көңіл бөледі. Соның ішінде ұрпақ тәрбиесіне. Балаларымыз «Бала бер, бала берсең сана бер» дегенді босқа тағлымдамаған. Әрбір ата-ана қарызданса да перзентіне жоғары білім беруге ұмтылады. Алды сонау шет елдерде оқып жатыр. Бірақ сөйте тұра неге бүгін үйленген баласы ертең ажырасып жатады? Неге тұрмыс құрмай жатып жүкті болады? Неге ата-анасының жағасына жармасып жатады? Бұның барлығы да жаһанданудың әсері, нақты көріністері. Осы жерде руханиятымыздың төмендеуі өз әсерін тигізбей қалмайды. Алла елшісі көрсетіп кеткен жүйе мен тәртіпті дұрыс сақтай біліп сол бойынша тәрбие берсе адам баласы биік деңгейге жетеді. Кәрілік жеңген ата-анасына қабақ шытпай қараса, олардың түрлі мұқтаждықтарын өтесе бұл да сол тәрбиенің жемісі деуге болады. Кемел білімді дәстүрлі дінімізбен ұштастыра білген адамның ұтары көп болмақ. Осының барлығы тұтас болып тәрбие атты механизм мүлтіксіз жұмыс істеген кезде келесі жағынан жақсы өнімдер-тәрбиелі, адамгершілікті ұрпақ шыға бастайды. Ал сол алып механизмнің бір тетігінде кеткен қателік барлық жүйеге теріс әсерін беретін болады. Алла тағала бұның бәрін кемел жүйеге түсіріп берген. Сондықтан біз Құдай заңымен жүруіміз керек. Ғылыми заңдылық болсын басқасы болсын, барлығы Алла заңының еш кемшіліксіз екендігін бүгінгі ғылым-ілім дәлелдеді. Алла көрсеткен ақиқат жолымен жүрген жан ғана кемшіліктері үшін қапаланбайтын, өткен өмірі үшін өкінбейтін болады.

-Өңгімеңізге рахмет!

П.ЖЕҢІСХАН.

## Отбасын қолдау апталығы

### Аналар алғысын білдіргі



#### Шаңырақтың шаттығы – тәрбиелі ұл мен қызы

Мамырдың 19-ында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ұйымдастыруымен Сарқан гуманитарлық колледжінің мәжіліс залында «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ» атты тақырыпта кездесу өтті. Колледж білімгерлері Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекіткен халықаралық отбасы күні құрметіне ұйымдастырылған іс-шараға белсене қатысып, аға буын өкілдерінің өнегелі өмір жолдарымен танысты.

Кездесуді «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мұрат Түсіпов жүргізіп, аудандық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары, әжелер алқасының төрайымы Шолпан Асқарғалиева жастардың білім алып, шаңырақ құруы жолындағы алда кездесетін сын-сынақтарды еңсеруін өзінің өмірлік тәжірибесімен ұштастыра отырып, тыңдармандардың көкейіне жеткізді. Көпшілік алдында сөз алған аудандық мәслихаттың депутаты Жомарт Игіман, Сарқан гуманитарлық колледжінің I курс студенті Аружан Өзбекова мұндай басқосудың маңыздылығына тоқталды. Жиынның құрметті қонақтары Болат Рахметқалиев, Қанат Маманбаев, Қадыл Жанасбеков өз отбасыларының атынан жас ұрпақтың санасына сіңіре жүретін ой-пікірлерін ортаға салды.

Кездесу аудандық мәдениет үйі қызметкерлерінің тақырыптық концертпен қорытындыланды.

Өз тілшіміз.

Қазақ ұлтының жақсы қасиеттерінің бірі әрі бірегейі қайырымдылық. Өзіңде бармен бөлісе білу, жанашыры жоқ жандарға қамқор болу туралы көп айтамыз. Бірақ көп жағдайда осы әдемі сөздер ісімізбен қабыспай жататындығы тағы шындық. Өткен аптада Республикалық «Отбасын қолдау апталығы» өтті. Өркениетпен бірге көптеген ұғымдар өзгерген кезде отбасы құндылықтарын дәріптеуге ұмтылған шара аясында ауданымызда «Нұр Отан» партиясы Сарқан аудандық филиалының ұйымдастыруымен көптеген іс-шаралар өтті. Айтпағымыз аталмыш шараларда белсенділік танытып бірқатар отбасыларға өз демеушілігімен көмек көрсеткен «Нұр Отан» партиясының қызметкері Б.Жантасовтың азаматтығы. Ауқымды акцияның аясындағы «Отбасы-ошақ қасы» шарасында аманбөктерлік азамат Бауыржан Алдабергелулы көпбалалы аналар Ж.Тоқтарбекова мен Н.Майлыбаеваға күнделікті қат тауарлар-азық-түлік пакеттерін ұсынды. Шын жүректен ұсынылған өнімдерге аналар айрықша алғысын білдірді.



П.ЖЕҢІСХАН.

### МЕМОРАНДУМ о взаимодействии территориальных подразделений Министерства внутренних дел РК и операторов сотовой связи по блокированию похищенных мобильных абонентских устройств

Департамент криминальной полиции и Следственный департамент Министерства внутренних дел РК, а также операторы сотовой связи (далее – оператор) с заявлением о приостановлении (блокировке) работы по IMEI похищенного мобильного устройства, а также о возможных последствиях.

Целью настоящего Меморандума является осуществление совместных и согласованных действий, направленных на предотвращение совершения краж мобильных абонентских устройств путем приостановления по идентификационному коду (далее-IMEI) их работы, при условии согласия собственника устройства, полученного в порядке и в форме согласно законодательству РК.

Сотрудникам ОВД района при вынесении постановления (в порядке статьи 71 УПК РК) о признании лица потерпевшим по преступлениям против собственности, где объектом преступления посягаемость являются мобильные абонентские устройства, необходимо разъяснять потерпевшим о праве обращения в адрес Операторов сотовой связи (далее – оператор) с заявлением о приостановлении (блокировке) работы по IMEI похищенного мобильного устройства, а также о возможных последствиях. При этом такое заявление абонент может подать в офис Оператора или передать его органам внутренних дел, куда он обратился с заявлением о хищении своего абонентского устройства.

Сотрудникам следствия (дознания) ОВД (в случае не обнаружения похищенного мобильного устройства по истечении 60-ти календарных дней после регистрации в ЕРДР) направлять заявление потерпевшего о приостановлении блокировании работы по IMEI мобильного абонентского устройства ответственному сотруднику «К» управления криминальной полиции, который после обобщения направляет его в адрес Операторов.

При этом каждому запросу о блокировании мобильного устройства по IMEI должно быть приобщено заявление потерпевшего о таком приостановлении в адрес Операторов с приложением копий документов, подтверждающих право собственности потерпевшего на указанное устройство и сопроводительного письма от следователя (дознателя) ОВД, являющего подтверждением фактов хищения устройства и права собственности потерпевшего на похищенное устройство.

А.БЕКСУЛТАНОВА, старший прокурор УКПСиСУ по Саркандскому району.

## Аудан әкімдігінің қаулысы

Сарқан қаласындағы Нұражы Ақайға қарасты жер телімін мемлекет мұқтажы үшін қайтарып, тең бағалы жер беру туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84, 85 баптарына сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31 және 37 баптарына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-тарауын, Сарқан аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 шілдедегі №24-140 шешімімен бекітілген Бас жоспарды басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарқан ауданы әкімінің 2014 жылғы 06 мамырдағы № 159 қаулысының негізінде Сарқан қалалық округі жерінен 11 га суармалы егістік жер Нұражы Ақайға берілген, Сарқан аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 шілдедегі № 24-140 шешімімен бекітілген Бас жоспарда белгіленген 26,6 га жер телімдеріне кіріп тұруына байланысты жері мемлекет меншігіне қайтарылып, Нұражы Ақайдың жобасы өзгертіліп тең бағалы жер берілсін.

2. Алматы облысы, Сарқан ауданының жер қатынастары бөлімі, мемлекет мұқтажы үшін жер телімдерін мәжбүрлеп иеліктен шығару, оның ішінде тең бағалы алу жолымен иеліктен шығарылу 2017 жылдың 23 қарашадан басталсын.

3. Алматы облысы, Сарқан ауданының жер қатынастар бөлімі, мемлекет мұқтажы үшін жер телімдерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы қаулыны, қаулы жария етілген күннен бастап күнтізбелік үш күн аралығында жазбаша түрде жер телімдерінің меншік иелерімен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға хабарлау қажет, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген басқа да қажетті шаралар қолдануы мүмкін.

4. Жер телімдерінің меншік иелерімен мемлекеттік емес заңды тұлғалары келісу тәртібін жүзеге асыру үшін, үндеу орны: Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі 8, №5 кабинет.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Сарсембаеваға жүктелсін.

Аудан әкімі

Е.Қошанбеков



### Республикалық акция аясында

«Жолда қабылдау» Республикалық акциясы аудандық жол полиция қызметі және аудандық «Нұр Отан» партиясының филиалының ұйымдастыруымен өтті.

Акцияның негізгі мақсаты Елбасының Қазақстан халқына Жолдауындағы жалпы мемлекеттік жүйесін қалыптастыру бағытына сәйкес тұрғындарға құқықтық көмек көрсету, азаматтық қоғамның ішкі құрылымында саяси белсенділікті дамыту, сонымен қатар ішкі істер органдарына деген халықтың сенімін арттыру, партия мен тұрғындар арасындағы байланысты нығайту болып табылады. Сондай-ақ науқан барысында аудан тұрғындарының және көлік жүргізушілерінің көкейкесті сауалдары мен пікірлерін тыңдалды. Шара барысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді насихаттайтын, полиция қызметкерлерінің қызмет атқаруымен жүргізушілердің құқықтары сақталуы мақсатында сауалнамалар жүргізілді.

Ж.БАСШЫҒҰЛОВ, «Нұр Отан» партиясы Сарқан аудандық филиалының expertі.

## Оказание государственной услуги

Одним из критериев обеспечения соблюдения прав, свобод и законных интересов населения при оказании государственных услуг является снижение административных барьеров, повышение эффективности предоставления государственных услуг населению и качественное оказание государственных услуг. Проблеме управления качеством придается огромное значение во всех развитых странах мира. Перед уполномоченными органами стоит задача совершенствования системы качества обслуживания населения, а также составлен план мероприятий по повышению качества оказания государственных услуг.

Следует отметить, что основная часть государственных услуг по линии Департамента Земельного кадастра и технического обследования недвижимости-филиал Некоммерческого Акционерного Общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (Выдача технического паспорта, Изготовление и выдача актов на земельный участок, Определение кадастровой (оценочной) стоимости земельного участка, Регистрация залога движимого имущества) оказываются на безальтернативной основе через Центр обслуживания населения, а также через веб-портал «электронного правительства»: www.egov.kz. Адреса мест оказания государственной услуги размещены на интернет-ресурсе Государственной корпорации- www.con.gov.kz

**У.ИМАНГАЛИЕВ,**  
руководитель Сарканского районного отделения ЗК и ТОН.

## Пайдалы кеңестер

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы азаматтардың тез және қолайлы қызмет алуы үшін тұрақты түрде жұмыс істеуде. Біз Сіздерге бүгінгі күні пилоттық жобада іске қосылған композитты қызметтерді ұсынамыз.

Композиттық қызмет дегеніміз не? Азаматтар бір өтінішпен жүгініп бірнеше қызмет түрлеріне тапсырыс беріп қызмет ала алады.

Композитты қызметке мыналар жатады: 1) Жер учаскелерін кадастрлық (бағалау) құнын анықтау+Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту; 2) Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актілерді уақытша өтеулі (узақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына актілерді дайындау және беру + Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу; 3) Жылжымайтын объектілердің техникалық паспортын беру + Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу; 4) Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбалар өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу + Бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды тағайындау + Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою; 5) Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу; 6) Сотталғандығы болуы не болмауы туралы анықтама беру + Прокуратура органдарынан, алдын ала тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апиостиль қою қызмет түрлері.

Қызмет алу үшін қажет құжаттар тізбесін бірыңғай байланыс орталығы 1414 нөміріне қоңырау шалу арқылы білуге болады.

## КОДЕКС РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОБ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЯХ (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.02.2017 г.)

### Статья 83. Нарушение законодательства Республики Казахстан о социальной защите инвалидов

1. Нарушение законодательства Республики Казахстан о социальной защите инвалидов, совершенное в виде: 1) необеспечения инвалидам доступа к объектам социальной и транспортной инфраструктуры; 2) необеспечения условий для доступа инвалидов к культурно-зрелищным мероприятиям; 3) несоблюдения работодателем обязанностей в сфере занятости и профессиональной реабилитации инвалидов от трудового увечья и (или) профессионального заболевания, полученных по вине работодателя, -

**ВЛЕЧЕТ ШТРАФ**  
на должностных лиц в размере 50 МРП,  
на субъектов малого предпринимательства - в размере 120 МРП,  
на субъектов среднего предпринимательства - в размере 200 МРП,  
на субъектов крупного предпринимательства - в размере 400 МРП

2. Действие (бездействие), предусмотренное частью первой настоящей статьи, совершенное повторно в течение года после наложения административного взыскания, - влечет штраф на должностных лиц в размере восьмидесяти, на субъектов малого предпринимательства - в размере ста пятидесяти, на субъектов среднего предпринимательства - в размере двухсот пятидесяти, на субъектов крупного предпринимательства - в размере шестисот месячных расчетных показателей.

**Статья 597. Нарушение правил остановки или стоянки транспортных средств.**  
4. НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ ОСТАНОВКИ ИЛИ СТОЯНКИ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ В МЕСТАХ, ОТВЕДЕННЫХ ДЛЯ ОСТАНОВКИ ИЛИ СТОЯНКИ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ ИНВАЛИДОВ, - ВЛЕЧЕТ ШТРАФ В РАЗМЕРЕ ПЯТИДЕСЯТИ МЕСЯЧНЫХ РАСЧЕТНЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ.

Статья дополнена частью 4-1 в соответствии с Законом РК от 05.05.15 г. № 312-V

## Защитим лес от пожара

С начала летнего сезона усиливается опасность возникновения пожаров как в лесах, так и в степи. Все чаще выезжают жители городов на отдых в лесные массивы. В связи с этим необходимо строго соблюдать меры пожарной безопасности. Но иногда мы забываем защитить себя от различных природных катастроф, чрезвычайных ситуаций.

Пожар- это «основной враг», который быстро уничтожает лес. Человеческий фактор является одним из распространенных причин возникновения лесных пожаров.

Если мы вовремя предупредим или вовсе предотвратим возникновение пожара, будем правильно соблюдать правила пожарной безопасности, мы внесем большой вклад в защиту окружающей среды.

Рассмотрим основные способы тушения лесных пожаров:  
- подходить к очагу горения необходимо с ветреной стороны, чтобы ветер дул в спину, на расстоянии не меньше минимальной длины струи огнетушителя (при его наличии);  
- если очаг пожара произошел на открытой

местности, то тушение пожара должны начинать с передней стороны очага;  
- горящую стену тушат снизу вверх.

В лесу низовые пожары нужно тушить быстро, потому что, если огонь перекинется на дерево, то тушить пожар станет гораздо сложнее. При тушении лесных и степных пожаров необходимо строго соблюдать основные правила техники безопасности.

*Помните: Соблюдайте правила пожарной безопасности. Вы защитите природу от пожара!*

**Д. АЗАМатов,**  
начальник ОЧС Сарканского района,  
подполковник гражданской защиты.

### •Памятка для потребителей финансовых услуг

## Осторожно: финансовые пирамиды!

В последнее время на рынке частных инвестиций активизировалась деятельность организаций, имеющих признаки финансовых пирамид.

Финансовая (инвестиционная) пирамида – организация, осуществляющая незаконную деятельность по извлечению дохода (имущественной выгоды) от привлечения денег или иного имущества либо права на него физических и (или) юридических лиц без использования привлеченных средств на предпринимательскую деятельность, обеспечивающую принятые обязательства, путем перераспределения данных активов и обогащения одних участников за счет взносов других.

Вступление в финансовую пирамиду путем внесения денег происходит на добровольной основе и, как правило, без правового сопровождения и отсутствия гарантий возврата вложенных средств.

Одним из привлекательных условий вложения денег в финансовую пирамиду является возможность получения высокого дохода через довольно короткий промежуток времени. В качестве финансового инструмента, используемого для совершения мошенничества по принципу финансовой пирамиды, используются «ценные бумаги», а также договоры займа (привлечение денег), траста, страхования.

В редких случаях учредители организации-пирамиды действительно инвестируют полученные деньги в основные средства, ценные бумаги и т.д., но и в этом случае основная масса внесенных денег не может использоваться для серьезных инвестиций, поскольку необходима для выплаты обещанных высоких доходов.

Необходимо отметить, что привлечением денег от населения на территории Республики Казахстан могут заниматься только банки второго уровня, а также Национальный оператор почты на основании лицензии, выданной уполномоченным государственным органом.

Таким образом, операции по приему депозитов от физических лиц относятся к банковским и подлежат обязательному лицензированию. Нарушение законодательства Республики Казахстан о лицензировании влечет ответственность, установленную законами Республики Казахстан.

Согласно требованиям Гражданского кодекса Республики Казахстан, иным лицам запрещается привлечение денег в виде займа от граждан в качестве предпринимательской деятельности, и такие договоры признаются недействительными с момента их заключения.

Соответственно деятельность организаций, не имеющих лицензии уполномоченного государственного органа на привлечение депозитов от физических лиц, но предлагающих населению разместить в данной организации свободные деньги, носит признаки мошенничества и является нарушением действующего законодательства Республики Казахстан.

Необходимо отметить, что вложение денег в нерегулируемые организации сопровождается высоким уровнем риска их полной потери, поскольку взаимоотношения между ее участниками строятся на взаимодовверии, и действия по передаче и концентрации денег осуществляются самими участниками.

Финансовые пирамиды имеют различные организационные структуры, виды деятельности и способы привлечения новых участников, тем не менее можно выделить основные признаки, позволяющие сделать вывод о том, что перед вами финансовая пирамида. 1. Отсутствие лицензии уполномоченного государственного органа (Национального Банка Республики Казахстан) на осуществление приема депозитов. 2. Отсутствие определенного рода деятельности организации, ее устава, государственной регистрации. 3. Отсутствие какой-либо информации о финансовом положении организации. 4. Отсутствие гарантии сохранения вложений. 5. Обещание необоснованно высокой доходности вкладываемых средств, превышающей средний уровень по рынку займов. 6. Обещание и выплата бонусов за каждого привлеченного нового участника. 7. Обязательный вступительный взнос. 8. Масштабная реклама в средствах массовой информации, сети Интернет. 9. Организация зрелищных рекламных шоу-презентаций компании с вручением дорогостоящих подарков участникам различных программ компании. 10. Непрозрачные структуры источников доходов, оборота средств, бизнес-процессов и др.

Если организация, которой вы хотите доверить свои деньги, обладает хотя бы несколькими из перечисленных признаков, стоит задуматься, не пытаются ли вас вовлечь в финансовую пирамиду?

### Как не стать обманутым вкладчиком

Во-первых: необходимо истребовать лицензию уполномоченного органа на осуществление приема депозитов, изучить репутацию компании и достоверность предоставляемой ею информации.

## Профилактика энтеровирусной инфекции

Энтеровирусные инфекции – это инфекционные заболевания, характеризующиеся многообразием клинических проявлений. Энтеровирусы хорошо переносят низкие температуры (в условиях холодильника они сохраняются в течение нескольких недель), в водопроводной воде выживают до 18 дней, в речной воде – около 1 месяца, в очищенных сточных водах – до 2-х месяцев. В то же время энтеровирусы при минимальной температуре сохраняются несколько лет, а в кипяченной воде полчаса.

Пути передачи – водный, пищевой, контактно-бытовой и воздушно-капельный. Заражение происходит через воду, продукты питания, а так же испражнения больного, мельчайшие капельки слюны и мокроты при кашле и чихании, а так же при купании в открытых водоемах.

Заболевание начинается с повышения температуры до 38-40°С, слабости, головной боли, тошноты, рвоты, светобоязни. Эти симптомы могут сопровождаться болями в области сердца, живота, мышцах, болью в горле, герпетическими высыпаниями на дужках и миндалинах. На 1-2 день болезни появляется сыпь, преимущественно на руках, ногах, вокруг и в полости рта, которые держатся в течение 24-48 часов (иногда до 8 дней) и затем бесследно исчезают. Источником инфекции является больной человек или носитель.

Для предупреждения заболевания необходимо использовать только кипяченую или бутилированную воду. Мыть руки с мылом перед каждым приемом пищи и после каждого посещения туалета, строго соблюдать правила личной и общественной гигиены. Иметь индивидуальный набор посуды для каждого члена семьи, особенно для детей. Перед употреблением фруктов, овощей, их необходимо тщательно мыть и ополаскивать кипятком. Употреблять в пищу только доброкачественные продукты.

Следует проветривать помещения, проводить влажные уборки желателно с применением дезинфицирующих средств. При кашле и чихании прикрывать нос и рот одноразовыми платками и выбрасывать в урну после использования, затем вымыть руки.

Не занимайтесь самолечением и при первых признаках заболевания обращайтесь за медицинской помощью!

**А. ЧАРАПИЕВ,**  
руководитель районного УООЗ.  
**А. ЖАРТЫБАЕВА,**  
ведущий специалист.

отвечать отказом.

Организаторы финансовых пирамид вовлекают своих вкладчиков во всевозможные корпоративные мероприятия. Делается это для создания образа успешной и прибыльной компании, а также для укрепления «корпоративного духа».

В-шестых: необходимо обратить внимание на то, каким образом компания принимает деньги вкладчиков.

Многие сомнительные компании принимают наличные деньги либо используют различные системы Интернет-платежей и переводов без применения специальных расчетных счетов компании в банках и достоверной бухгалтерской отчетности своей деятельности. Однако уважающая себя компания не будет привлекать средства от физических лиц подобным образом. Честные компании стараются избегать принимать наличность и в своих собственных офисах.

Обязательно спросите у сотрудников компании, почему они принимают деньги через системы Интернет-платежей или денежных переводов, а не используют стандартный метод безналичного перечисления на расчетный счет организации.

В-седьмых: необходимо изучить информацию о владельцах и руководстве компании, а также узнать, где она зарегистрирована.

Если данные о руководстве засекречены, а сама компания зарегистрирована на каких-нибудь островах и/или в оффшорной зоне, то стоит задуматься, прежде чем разместить в ней свои сбережения. Процедура регистрации компаний в оффшорных зонах максимально упрощена, а узнать имя реального владельца или того, кто на самом деле стоит за этой структурой, чрезвычайно сложно. Поэтому обязательно попросите представить учредительные документы компании.

Резюмируя вышеизложенное, отметим, что размещение временно свободных денег целесообразно в финансовые организации, имеющие лицензии уполномоченного государственного органа на соответствующую деятельность.

В соответствии с возложенными на Комитет государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан задачами Комитет государственных доходов осуществляет функции по предупреждению, выявлению, пресечению, раскрытию и расследованию экономических и финансовых преступлений и правонарушений.

В случае наличия претензий и/или несогласия с деятельностью организаций, имеющих признаки финансовых пирамид, Национальный Банк Республики Казахстан рекомендует обращаться в Комитет государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан.



# Қарттарымыз - Қазынамыз

Республикалық ардагерлер ұйымының отыз жылдық тарихы бар. Кемелденген елдің, көркейген жердің берекелі бейнесін танытқан ауданымыздағы қара шаңырақтың бірі-аудандық «Ардагерлер ұйымы» отыз жыл аралығында қоғамдық бірлестік ретінде ауданның өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосып келеді. Біздің ауданымызда ардагерлеріміздің алғашқы құрылтай жиналысы 1987 жылы наурыз айында өтіп, Сарқан қалалық атқару комитетінің жанынан Соғыс және еңбек ардагерлері ұйымы құрылып, өз жұмысын бастаған. Ардагерлер ұйымының төрағалары - Шиховцов Прокопий Иванович-ҰОС-ның ардагері (1987 жылдан 1995 жылға дейін), Парамонов Василий Петрович-ҰОС-ның ардагері (1995 жылдан 1997 жылға дейін), Байжұманов Сапа (1997 жылдан 2008 жылға дейін), Шонжикенов Аманжол (2009 жылдан 2013 жылдың наурыз айына дейін). Осы жылдары 29 бастауыш ардагерлер ұйымы құрылып, олар 2124 зейнеткерлерді қамтыған.

Мен 2013 жылдың 1 наурызында аудандық ардагерлер кеңесінің отырысында сайланып, күні бүгінге дейін аудандық «Ардагерлер ұйымы» филиалының төрағасы болып қоғамдық жұмысты атқарып келемін. Соңғы он жылда ауданымызда ардагерлер саны 4000-нан 5593-ке, бастауыш ардагерлер ұйымы 23-тен 51-ге жетті. 2017 жылдың басында ауданымызда 6 ҰОС-на қатысушылары, 456 тұл еңбеккерлері, ҰОС-да қаза тапқан жауынгерлердің 16 жесірі, ҚР-на айрықша еңбек сіңірген 2 зейнеткер бар.

Аудандық ардагерлер ұйымы мемлекеттік билік тарапынан жасалып жатқан барлық реформалардың адам игілігіне, әрбір қазақстандықтың игілігіне бағытталатындығын назарда ұстап, жаңалықты әрбір азаматымыздың санасына жеткізуді өз жұмыстарының басты бағыты санайды. «Ата-бабалар дәстүрі - ұрпаққа аманат» атты бағдарлама бойынша аудандық ардагерлер кеңесі тұрақты түрде мектептен тыс уақытта

оқушылардың арасындағы тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Мұндай маңызды іс-шараларды аудандық әжелер алқасының төрайымы Шолпан Асқарғалиева жүзеге асырады. Атап айтқанда осы бағытта «Әже-отбасындағы алтын қазық», «Келін-отбасының келешегі», «Енесі жақсының-шаңырағы алтын» атты шаралар атқарылды. Бата халқымыздың мәдени мұрасы, ұлттық игілігі, асыл рухани азығы. Бата беру өнерін келешек жастарымыздың бойына сіңіру мақсатында соңғы жылдары жарыстар өткізіліп, жеңімпаздар демеушілердің көмегімен марапатталды. Бас жүлде алғандар облыстық сайысқа қатысты. Сондай-ақ ардагерлеріміздің қатысуымен жыл сайын дайыдан, шахматтан жарыстар ұйымдастырылады. Облыстық жарысқа қатысқан ардагеріміз Тойшыбеков Гауһарбектің І-ші орынды жеңіп алғанын мақтан тұтамыз.

2014 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ауданда «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер» атты өнер фестивалі өтті. Оған барлық бастауыш АҰ-ы қатысып, жеңімпаздарымыз ауданнан іріктеліп, облыстық фестивалге қатысып, екі номинация бойынша жүлделі орынға ие болды. 2015 жылы «Ерлік ескермейді. Сарқан соғыс жылдарында» атты кітапта ауданнан аттанған ардагерлеріміз, олардың ерлігі және соғыстан кейінгі қираған шаруашылықтарды қалпына келтірген еңбектері шынайы суреттелген.

Қоғамдық жұмыспен қатар аудан экономикасының дамуына елеулі үлес қосқан Төлеухан Битимбиев, Мұрат Қауменов, Сағындық Қалиев, Мейрамғали Қалиасқаров, Жауынгер Мухаммадиев, Балтабек Абылқасымов сынды кешегі ел басқарған аға буын өкілдері бүгінде еңбектен қол үзбей күн демей түн демей еңбек етуде. Ал білім, денсаулық, кәсіпкерлік салаларда көптеген зейнеткерлер өз істерін өрге домалатып, аудан бюджетін толықтыруда.

2016 жылдың 3-наурыз күні кеңес отырысының шешімімен аудан орталығында

Ардагерлер үйінің құрылысын асар тәсілімен, демеушілердің көмегімен салу туралы Үндеу жарияланған. Осыған орай ауданның Құрметті азаматтары, ардагерлер С.Қалиев, С.Барлыбаев, С.Малаев, Ж.Сасанбаев, Б.Рожаев, М.Еркебаева бір айлық зейнетақыларын, іскер кәсіпкер ауданымыздың «Құрметті азаматы» Е.Жақаев 333000 теңге, аудан әкімдігі және аудандық мәслихат қызметкерлері бір күндік еңбек ақыларын ардагерлердің есеп шотына түсірді. Ауданымыздың мемлекеттік мекемелері, кәсіпорын басшылары қайырымдылық көмек көрсету жұмыстарын жалғастыруда.

Ардагерлер ұйымының назары қарт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғауға, тыл еңбеккерлері, әсіресе жалғызбасты және егде адамдардың хал-ахуалына аударылған. Сондай-ақ ауылдық жерде тұратындар арасындағы кедейлікті болдырмау мақсатында жергілікті атқарушы органдармен бірлесе жұмыс атқарылуда.

Үстіміздегі жылы «Нұр Отан» партиясымен және «Жастар» орталығымен бірлесе отырып «Бақытты отбасы - бақытты балалық шақ» акциясы ұйымдастырылды. Сарқан гуманитарлық колледжнің білімгерлерімен кездесуде ауданымыздың «Құрметті азаматтары» Б.Рахметқалиев, Қ.Маманбаев және аудандық әжелер алқасының төрайымы Ш.Асқарғалиева өз ойларын ортаға салып, жастарға өнеге-үлгі ретінде бағыт-бағдар берді.

Біздің ардагерлеріміздің алдағы уақытта да әлемдегі ең кемел дамыған 30 елдің қатарынан өзине лайықты орын алатын, мәртебелі Мәңгілік Ел атағын жоғары ұстайтын Қазақстан халқының келешегі-жастардың шынайы тәрбиешісі ретінде биліктің тірегі болатындығына ешбір күмән жоқ.

### Қадыл ЖАНАСБЕКОВ, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

Аудандағы 6 Ұлы Отан соғысының ардагерін 7 мамыр - Отан қорғаушы күні мен 9 мамыр - Жеңіс күні мерекелерімен құттықтап, сыйлықтарын табыс ету мақсатында 5 мамыр күні "Нұр Отан" партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, аудандық мәслихат депутаты М.Түсіпов, "Амангелді" бастауыш партия ұйымының төрағасы, аудандық мәслихат депутаты А.Омаров, Амангелді ауылдық округіне қарасты Пограничник ауылында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Геннадий Фёдорович Ульяновтың үйінде болды. Одан кейін М.Түсіпов, "Қойлық" бастауыш партия ұйымының төрағасы М.Макетов Қойлық ауылында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Александр Максимович Савкинмен дидакталасты. "Нұр Отан" партиясы Сарқан аудандық филиалы есеп және статистика секторының меңгерушісі Б.Жантасов, аудандық мәслихат депутаттары, «Жас Отан» ЖҚ мүшелері, "Екіаша" және «Казпочта» бастауыш партия ұйымының мүшелері Ұлы Отан соғысының ардагерлері Шевченко Дмитрий Тимофеевич және Релкин Григорий Григорьевичті Жеңіс мерекесімен құттықтап, сый-сияпаттарын ұсынды.

5 мамыр күні «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы, Алматы облысының әкімі А.Баталовтың салтанатты қабылдауында болған Ұлы Отан соғысының ардагерлері Берлібек Ысқақов пен Алексей Федорович Галкин «Нұр Отан» партиясы Сарқан аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары М.Түсіпов, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы О.Тертюбаев, «Қойлық» және «Черкасск» бастауыш партия ұйымдарының төрағалары тарапынан қошамет көрсетілді.

### С.ТӨЛЕУОВА, "Нұр Отан" партиясы аудандық филиалының консультанты.



## Ерлік ешқашан Ескірмейді

Бала күнінде көрген бейнеті, қиындығы ес жиып, алды-артын бағамдаған соң ұмытылар деп ойлап еді. Бірақ өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының басында туып, отызыншы жылдардың ойранын көрген ұрпақ үшін алдыда тағы да ауыр сынақ - сұрапыл майдан тұрды. Біздің кейіпкеріміз де от - жалында шындалғандардың бірі. Сол кездегі Талдықорған облысының Андреев ауданындағы Лепсі селосында туып-өскен Тасболат Жолдасов Сарқан ауданының Черкасск ауылында есейіпті. Оның жастық шағы Ұлы Отан соғысы кезеңімен қатар келген. Соғыс басталғанда Тасболат Нұғыманұлы жалындаған жиырма жасқа толған. 1936 жылы Черкасск жеті жылдық мектебін бітірген ол колхоздың күндіз-түні толас таппайтын қарбалас жұмыстарын ересектермен бірдей атқарып жүріп ер жеткен-ді.

«Алғашқылардың бірі болып соғысқа аттанған Тасболат Жеңісті санамызға сіңіріп барып, Жеңіс күнінен кейін бір жылдан соң ауылға оралды», - деп айтады екен көнекөз көршілері. Расында да 1941 жылы майданға аттанып, 1942 жылдың алғашқы айынан бастап 125-атқыштар полкінің қызыл әскері Тасболат өзі сияқты мектеп көрген сауатты жастар қатарында полк мектебінде оқиды. Білімі мен білігі ұштасқан жас жігіт жиырма бір жасында осы полктің миномет батальонының, 5-атқыштар дивизиясының 190-атқыштар полкінің орудия командирі болды.

Майданда артиллеристердің өзгелерден шоқтығы биік. Жаяу әскерді де, танк, самолеттерді де белгілі бір қашықтықтан қорғап, шабуылға жол ашып, біздің әскерлердің жеңіске жетуіне үлес қосқан осы қуатты қаруды меңгерген жауынгерлер болатын. Міне, Тасболат Жолдасов осы сапта жүрген. Майдангердің тәртіптілігі, тиянақтылығы, елгезектігі басшылар назарына ілініп, 1944 жылы 3-армияның 18-атқыштар полкінің курсанты болып қабылданады. Кіші лейтенант шенінде курсты аяқтаған ол Жеңісті 5-атқыштар дивизиясының ПТР-142 атқыштар полкінің взвод командирі болып қарсы алды. 1946 жылдың 12- маусымындағы Белорус әскери округі қолбасшысының бұйрығымен әскер қатарынан босаған запастағы офицер аман-есен елге оралады. Өңірінде «Қызыл Жұлдыз» ордені, «Ерлігі үшін» медалі жарқыраған батыр командир енді еңбек майданында өзін сынап көреді.

Тасболат Жолдасов 1946 жылдан 1982 жылға дейін еңбек демалысына шыққанша «Черкасская оборона» колхозында бақташылықтан қой - тауарлы фермасының, сүт-тауарлы фермасының меңгерушілігіне дейін көтеріледі. Адалдығымен, біліктілігімен еленіп, колхоз төрағасының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары болған Тасболат Жолдасовтың елеулі еңбегін көз көргендер әлі күнге дейін ұмыт қалдырған емес. Осы шаруашылықта кезінде жас маман болып еңбек жолын бастаған Қанат Маманбаев, Аманжол Шөнжікенов, Алдаш Тазабеков, Төлеген Дәулетқалиев, Төлеухан Битимбиев, Баққожа Жамантаевтар тумысынан таза, айналасынан адалдығымен аян аға буын өкіліне өнеге тұтқан болатын. Сол сыралғы ауылдастарының қай-қайсысымен пікірлесе қалсаңың өмір мектебінен, дала академиясынан өткен Тасболат ақсақалдың елді бірлікке, ынтымаққа үндеген өрелі істерін өңімеге арқау етеді. 1962 жылы көршілес Қытай елінен қоныс аударған қандастарымызды басқарманың бұйрығымен жұмыспен қамтуға білек сыба-на ат салысқанын айналасындағылар ұмыта қойған жоқ.

Тасболат Нұғыманұлының тірлік сапары 1985 жылы соғыс зардабынан ерте шектелді. Алпыстың төртеуіне келген жасында соңына асыл жары Нұрипаны, сегіз баладан тараған немерелерін қалдырып, бақиға аттанды. Жары Нұрипа балаларынан 25 немере, 35 шөбере көріп 84 жасында балаларының қолында қайтыс болды. Балаларының үлкені Бекболат бүгінгі күні 70 жаста. Сегіздің екеуі бұл дүниеде жоқ, қалғандары ата-ана өнегесімен адал еңбегімен өмірден өзіндік орындарын тапқан.

